

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 25 жыл. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Жас ұрпағымыздың өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпауын, сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосуын, тәуелсіз елдің патриоты екенін жүрегімен сезініп, түйсіну міндеттерін жүзеге асыруда Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы да өз үлесін қосып келеді.

Тәуелсіздіктің таңы өскелең ұрпақпен

Кітапханамыз осы мерекені жылдың басы, яғни қаңтар айында ерекше леппен дүркіретіп «Шығыс Қазақстанның 25 кереметі» атты айлық ұйымдастырудан бастады. Осы айлықтың ашылу салтанаты қаламыздағы Достық үйі - қоғамдық келісім орталығында өткізілді. Фойеде қойылған «ШҚ-ның 25 кереметі» атты кітап көрме өлкеміздің қайталанбас сұлулығы мен көркем табиғаты және өлкемізден шыққан танымал тұлғалардың өмірбаяндары жазылған - сырлы кітаптар мәдени іс-шараға келген қала мектептерінің оқушыларына таныстырылды. Мұнда аймағымыздың тарихынан жетістіктері мен аңыздары, әңгімелері туралы тың мағлұматтар көремендердің назарына ұсынылды. Сондай-ақ кітапханашылар қойған өлкеміздің жетістіктері жайлы театрландырылған қойылым балалардың көңілін бір көтеріп тастады. «Инкора» тобы мен «Жігер» фольклорлық ансамбльдің орындауындағы бірнеше өндер балалардың ерекше қошеметіке ие болды.

«ШҚ-ның 25 кереметі» тамсандырған ғажайыптарға ұласты. Ғажайыптың бірі, өлкемізде «ақылды» жылыжай жобасын іске асырумен жеті жылдан бері айналысып келе жатқан еңбекқор тұлға Людмила Дмитриевна Землянаямен бренд-кездесу өтті. Бренд-кездесуге студенттері қатыстып, тұлғаға осындай жетістікке қандай жолмен жеткені және қиыншылықтары жайлы қойылған сауалдарға жауаптар алды. Сонымен қатар өсімдіктерді қалай баптау керектігі жайлы, олардың денсаулық ағзасына пайдалылығы туралы білді.

Ал, «Аспалы ғажайып» шарасында оқу-

шылар Семей қаласының кереметі аспалы көпіріне виртуалды саяхат жасады. Семей көпірі әлемдегі 17-ші және ТМД кеңістігіндегі жалғыз аспалы көпір. Жасөспірімдер үшін ең қызығы - көпірге жасалған виртуалды телепортация: көпірдің үстінен түнгі қаланың көрінісін тамашаласа, көпір үстімен «жол жүру» жүректерін дірілдетті, себебі, аяқтарының астында - гүрілдеген Ертіс!

Шара жалғасы «Қолшанамен Шешектен кітапханаға дейін...» атты мәдени ойын сауықтық бағдарламасымен Шешек асуында жалғасын тапты. Онда ертегі кейіпкерлері демалушыларға қызықты спорт ойындарын ойнатып, өлкеміздің спортпен танылған тұлғалары жайында жазылған кітаптарды таныстырды.

Айлық аясында кітапханашылар Абай даңғылына шығып, өскемендіктерді және қала қонақтарын өлкеміздің кереметтерінің бірі – Жидебай шатқалы жайында сыр тарқатылып, Семейден 180 шақырым қашықтықта орналасқан, жол Шығыс Қазақстанның кең даласымен өтетіндігі айтылды. Бұл жолды жүріп өткенде М. Әуезовтің «Абай жолы» кітабы бойынша саяхатқа шыққандай боласың – шексіз дала, сирек кездесетін шоқылар, тас арасындағы мөлдір бұлақ. Ұлы ақынның өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан тұған үйі. Жол бойында махаббаттың құрбаны болған Еңлік пен Кебектің ескеркіші орнатылған. Оларға байланысты оқиға Шөкәрім поэмасында сипатталған. Сонымен қатар Шөкәрім мен Мұхтар Әуезовтің мұражайы бар. Бұның бәрін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Көрмеген, бармаған қала тұрғындарына міндетті түрде көзбен көру



керек екендігін жеткізді. Тыңдағандар Жидебайды өз көздерімен көруге деген қызығушылықтарының артқандықтарын айтты.

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылықтың, бейбітшілік пен жасампаздықтың 25 жылы - Независимый Казахстан: 25 лет стабильности, мира и созидания» суретті кітап көрмесі де ұйымдастырылды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеу шеңберінде тағы бір ауқымды шара, «Балалар сабантойы - 2016» мерекесі ұйымдастырылды. Бұл мереке оқушылардың ұзақ та қызықты жазғы демалыстарының құрметіне қарсы өткізілді.

Салтанатты мереке «Әдеби карнавал» атты флешмобтан басталды, соңында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын бейнелейтін 25 шар аспанға ұшырылды. Мерекеді ОБЖК директоры, Қазақстан Республикасы мәдениетінің қайраткері, «Кітапхана ісінің шебері» құрметі атағының иегері Карчалова Күлзада Қаратаевна сөз сөйлеп, ұлы мерекемен балаларды құттықтады. «Оқы да біл, ойна да құл» әдеби-музыкалық киіз үйі өз қонақтарына «Батырлар жекпе-жегі», «Теңге алу», «Алтын асық», «Орамал тастамақ» сияқты ұлттық ойындарды және караокемен өн айтуды ұсынды. Батут пен «Алтыбақан» да кішкентай оқырмандар мен олардың ата-аналарын бейжай

қалдырмады. Ал шаршағандар «Кітап қалашығында» дем алды. «Балалар Сабантойы» біздің қаламызда бірінші рет өтті, енді оның дәстүрге айналуы да мүмкін.

Кітапханада былтырдан бастап жүргізіліп келе жатқан «Қазына көруен» акциясымен биылда жалғасын тауып, Тәуелсіздіктің тарихынан бастап бүгінгі Қазақстанның өркендеуімен байланыстырылған шаралар Курчатова қаласында, Зырян аудандарында өткізілді. Сонымен қатар Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдығы мен Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына орай, кітап көрмелер ұйымдастырылып таныстырылды. Акция барысында балаларға «Оқитын балалар – бәрінен де ақылды!» ертеңгілік қойылым және «Ұлылар мекеніндегі ұмытылмас есімдер» атты мәдени шаралар қойылды.

Міне осындай мәдени іс-шараларды өткізудегі мақсатымыз - өскелең ұрпақтың рухани дамуына септігін тигізетін, ертеңгі өркеніет өлеміне жол ашатын және оларды туған ерінен сүюге, ұлтжанды, елжанды азамат болуға тәрбиелейтін тұлға қалыптастыру.

Э. ШАҒЫРАЕВА,
ШҚ Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының маркетинг орталығының жетекшісі